

8 наурыз мерекесіне арналған «Балапан» тобының «Аяулы аналар» атты ертеңгілік.

Балалар әуенімен залға кіреді.

Жүргізуші: Қош келдіңіздер! Аяулы аналар, қызғалдақ қыздар, қадірлі әріптестер! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, 8- наурыз Аналар мерекесі де келіп жетті. Көктемнің шуақты күндерімен қатар келіп жеткен төл мерекелеріңіз құтты болсын! Ана бұл аяулы да мейірімді жан. Баланың тілі шыққаннан – ақ бірінші сөзін «Ана» деп айтады. Айта берсең сөз жетпейді. Олай болса, бүгінгі аналарға, аналарымызға арналған «Балапан» тобының бүлдіршіндерінің «Аяулы аналар» ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

Жүргізуші: - «Ананың әрбір сөзі жылылыққа толы. Ананың көз нұры тастай мұзы да жібітеді» - демекші, бүлдіршіндеріміздің өнерлерін қабыл алыңыздар!

Жүргізуші:

Анам менің анашым
Сені жақсы көремін
Мерекемен бүгінгі
Құттықтаймын мен сізді. Олай болса аналарымызға арнап ән айтайықшы.

Хор: «Ана деп ән салам»

Жүргізуші: Балалар бүгін бізге қонаққа «**Көктем**» келіпті. Барлығымыз шақырайықшы.

Балалар: Көктем, көктем, көктем.

Көктем: -Сәлеметсіңдер ме, балалар, мені таныдыңдар ма? Мен қақарлы қыстан кейін келген, Күн шуағын шашатан көктеммін.

Балалар сендер өнерлеріңмен, білімдеріңді, үлгілі тәртіптеріңді көрсетіңдер. Ол үшін менің мына себетте әртүрлі тапсырмалар берілген. Сол тапсырмаларды ашып орындасақ қайтеді. Тапсырмаларды түгелдей орындасандар мереке соңында әкелген сыйлығымды беретін боламын.

Жүргізуші: Көктем олай болса 1-ші тапсырманы балаға аштырайық.

1-ші тапсырма:

Би: «Қуыршақ барби»

Жүргізуші: Қыздарымыздың аналарына арнаған биін тамашалайық.

Би: «Қуыршақ барби»

Көктем: Рахмет сендерге балалар, аналарына арналған билерің маған қатты ұнады.

2- ші тапсырма:

Ойын: «Түстерді бір – бірімен сәйкестендіру»

Жүргізуші: - Балалар қане ойынды барлығымыз бірге ойнайық.

Көктем: Балалар өте белсенді, тамаша, қандай жақсы балапан екенсіңдер.

3-ші тапсырма:

Би: Айбар мен Мединаның орындауында «Топ, топ балапан».

Жүргізуші: Көктем бүлдіршіндеріміздің өнерін тамашалаңыз :

Көктем: -Балалар, сендер бүгін менің тапсырмаларымды өте жақсы орындап шықтыңдар. Сендерге көп-көп рахмет айтамын. Өздерің өнерлі, әдемі, тәртіпті екенсіңдер, мен сендерге ризамын. Енді мына қолымдағы себетті тәрбиеші апайларыңа беремін. Сендерге әкелген көптеген әртүрлі сыйлықтарым бар. Мен енді сендермен қоштасайын, басқа да балабақшада мерекелер болып жатыр соған барайын.

Жүргізуші: Осымен бүгінгі «Аяулы аналар» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Құрметті аналар,әжелер,қызғалдақ қыздар мерекелеріңіз құтты болсын. Сау саламатта болыңыздар!